

## Оқу – тақырыптық бағдарламасы

*аптасына – 1 сағат*

*жылына – 34 сағат*

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өтілетін күні	Ескерту
1	Өлкетану анықтамасы	1		
2	Өлкетану сөзінің шығу тарихы	1		
3	Өлке тарихы туралы не білеміз?	1		
4	«Өз өлкеңді білесің бе?» айналамен танысу	1		
5	Мичурин ауылының географиялық орны	1		
6	Климат жағдайлары	1		
7 – 8	Өлкеміздегі жер – су аттары, олардың аталу ерекшеліктері	2		
9	Ертіс тағдыры – ел тағдыры	1		
10	Туған жер табиғаты	1		
11	Ауылымыздың табиғи байлықтары	1		
12	Өсімдіктер дүниесі	1		
13	Жануарлар дүниесі	1		
14	Туған жер табиғатының ерекшеліктері және экологиялық жағдайлары	1		
15 – 17	Халық географиясы	3		
18	Жергілікті жеріміздің салт – дәстүрі, оның маңызы	1		
19 – 20	Жергілікті жердің шаруашылық жағдайы	2		
21	Егін және мал шаруашылы	1		
22 – 23	Білім ошағының тарихы	2		
24	Балабақша тарихы	1		
25	Мәдениет үйінің тарихы	1		
26	Аурухана тарихы	1		
27 – 28	Павлодар қаласының топонимикасы	2		
29	Павлодар қаласының әкімшілік округі	1		
30	Павлодар өңірінің танымал тұлғалары	1		
31	Павлодар өңірінде болған тарихи оқиғалар тізбесі	1		
32	Павлодардың бүгінгі келбеті	1		
33	Қазіргі мектептерде география пәніне өлкетану мен экологияны кіріктіру	1		
34	Қорытынды сабақ «Көңілді география»	1		
<b>Барлығы</b>		<b>34 сағат</b>		

## ТҮСІНІК ХАТ

«География» оқу пәні бағдарламасы Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалды.

Оқу пәнінің **вариативті бөлігі** орта білім беру деңгейіне сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың шегінен тыс білім беру мазмұнын айқындайтын білім беру бағдарламасын даярлауға бағытталған. Білім мазмұнының вариативті бөлігі білім алушылардың тұлғалық сипатын қамтамасыз ете отырып, балалар мен ата - аналардың сұраныстарына сәйкес бағдарламалар дайындалып, ол факультатив, таңдау курстары, қолданбалы курстар, жеке сабақтар түрінде жүзеге асады. Мысалы, «Ұлы саяхатшылар», «Қазақстанның табиғаты», «Картографиялық сауаттылық», «Конструктивті география», «Қазақстанның табиғат ресурстары», «География және экология», «Экономика және экология», «Өлкетану» және т.б.

Соның ішінде 7 «а» сыныбына арналған вариативті бөлік «Өлкетану» деп аталады.

**Бағдарламаның мақсаты:** Еліміздің елдігі, жұртымыздың теңдігі үшін үлес қосқан бабаларымыз бен күрескер азаматтарымыз және өлкеміздің ерекшеліктері туралы мағлұмат беру. География сабақтарында өлкетану материалдарын пайдалану, сананы қалыптастыру. Оқушы зердесін және рухани дамуын арттыру. Өлке тарихын ұғындыра отырып, туған жерге сүйіспеншілікті оқушы бойына сіңіру.

**Бағдарламаның міндеттері:**

- оқушының тарихи біліктері мен дағдыларын жетілдіру;
- өзіндік ізденіс, шығармашылыққа баулу.

Факультатив сабақ оқушылардың бойында география пәніне деген қызығушылықтарын ояту мен нақты тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

*Курс мазмұнының ерекшелігі* - оның ұғымдық құрамының әр түрлі болуы және оқушылар үшін жаңаша терминдер мен арнайы жұмыс түрлерінің ұсынылуы.

Факультативтік сабақта материалды оқып – үйрену жүйесі физикалық география бағдарламасына сәйкестендірілді. Бұл оқушылардың негізгі курстан алған білімдерін пайдалануға мүмкіндік жасайды.

Курсты оқып үйрену процесінде географиялық термин сөздерге және сабақтың практикалық бағытына көп көңіл бөлінеді. Психологиялық принциптерге сәйкес, білімді меңгеру оны географияның екінші тілі картамен әр түрлі жұмыстарды жүзеге асырумен сипатталады, яғни «білім - білік» жүйесі арқылы жұмыс жасау,

«Өлкетану» факультатив сабағында оқушылар жергілікті жер тарихы, тұрғылықты халқы, табиғат жағдайлары мен шаруашылығы, сонымен қатар мекемелер мен білім ошағы, өлкенің танымал тұлғалары туралы мәліметтер алады.

«Өлкетану» пәні аптасына – 1 сағат;  
жылына – 34 сағат.

## II. ОҚУ ПӘНІНІҢ БАЗАЛЫҚ МАЗМҰНЫ

### 7 СЫНЫП

(барлығы 34 сағат, аптасына 1сағат)

Өлкетану – бұл туған өлкенің тарихы, табиғаты мен экологиясы, экономикалық, әлеуметтік-құқықтық дамуы, рухани шыққан тегі, әдебиеті және көркемөнері. Өлкетану — белгілі бір жердің, қаланың, елді мекеннің бір бөлігін оқып білу. «Өлкетану өзінің туған жерінді аялауды, сүюді ғана үйретіп қоймайды, сондай-ақ ол туралы білуінді, тарихқа, өнерге, әдебиетке деген қызығушылық танытуға, мәдениет деңгейін көтеруге үйретеді», - деп академик Лихачев Д.С. айтқан екен.

#### **Кіріспе (3 сағат)**

Өлкетану анықтамасы. Өлкетану сөзінің шығу тарихы. Өлке тарихы туралы не білеміз?

#### **Танымжорық (1 сағат)**

«Өз өлкеңді білесің бе?» айналамен танысу

#### **Павлодар қаласына сипаттама (17 сағат)**

Мичурин ауылының географиялық орны. Климат жағдайлары. Өлкеміздегі жер – су аттары, олардың аталу ерекшеліктері. Ертіс тағдыры – ел тағдыры. Туған жер табиғаты. Қаламыздың табиғи байлықтары. Өсімдіктер дүниесі. Жануарлар дүниесі. Туған жер табиғатының ерекшеліктері және экологиялық жағдайлары. Халық географиясы. Жергілікті жеріміздің салт – дәстүрі, оның маңызы. Жергілікті жердің шаруашылық жағдайы. Егін және мал шаруашылы

#### **Павлодар қаласының мекемелері (8 сағат)**

Білім ошағының тарихы. Балабақша тарихы. Мәдениет үйінің тарихы. Аурухана тарихы. Павлодар қаласының топонимикасы. Павлодар қаласының әкімшілік округі.

#### **Павлодар өңірінің кешегі күні, қазіргісі және болашағы (3 сағат)**

Павлодар өңірінің танымал тұлғалары. Павлодар өңірінде болған тарихи оқиғалар тізбесі. Павлодардың бүгінгі келбеті

#### **География және өлкетану (2 сағат)**

Қазіргі мектептерде география пәніне өлкетану мен экологияны кіріктіру. Қорытынды сабақ «Көңілді география»

**Павлодар қаласының №24 жалпы орта білім беру мектебінің география пәні мұғалімі Сергазина Багдангуль Алимжановнаның 7 сыныпқа арналған «Өлкетану» атты география пәнінен тереңдетіп оқыту бағдарламасына  
РЕЦЕНЗИЯ**

Аталған құрал мамандықтың білім беру стандарты және оқу жоспары бойынша оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етілуіне мүмкіндігін береді. Бағдарлама 68 сағатқа берілген.

«Өлкетану» атты география пәнінен тереңдетіп оқыту бағдарламасы оқушыға күнделікті сабақты пысықтауда, мәтіндерге назар аудартуда, термин сөздерге маңыз беруде көмекке келеді.

Бұл жинаққа география пәнінің қызықты және деректі тапсырмалары еңгізілген және жалпы білім беретін мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдерге арналған.

Рецензияға №24 жалпы орта білім беретін география пәнінің мұғалімі Сергазина Багдангуль Алимжановнаға берілген 7-сыныпқа арналған «Өлкетану» атты география пәнінен тереңдетіп оқыту бағдарламасы қосымша материал ретінде ұсынылады. Бағдарламада сарамандық жұмыс көп жүргізіледі. Бағдарламадағы тақырыптардың өмірмен байланыстылығы қарастырылады.

Бағдарламаны жазудағы мақсат – оқушыларды өз беттерінше ізденуге баулу, өз беттерінше термин сөздерге түсінік іздеп, сөздік қорларын молайтуға ықпал ету, бағыт-бағдар беру, мұғалімнің сабақты ұйымдастыру, оқушылардың білімдерін тереңдету, практикалық жұмыстарды өткізу, білім дағдыларын қалыптастыру.

7-сыныпқа арналған « Өлкетану » атты география пәнінен тереңдетіп оқыту бағдарламасы оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған оның барлық тарауларын қамтиды. Берілген мәліметтер өте көп және оқушылардың күнделікте өміріне пайдасы өте зор.

Оқу-әдістемелік құралды оқушылар және мектеп мұғалімдеріне оқу мақсатында қолдану үшін ұсынуға болады.

**Пікір беруші:**  
**ПМПИ география және химия**  
**кафедрасының аға оқытушысы**

*С.Ш.-А. Смайлов*

